

Капитал нарығы

Айлық шолу

2024 жылғы ақпан

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚА ШОЛУ

АХҚО БИРЖАСЫ

- Air Astana IPO-сы
- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚА ШОЛУ

2024 жылғы қаңтарда АХҚО биржасы тартылған акционерлік капитал бөлігінде және акциялармен де, борыштық бағалы қағаздармен де сауда-саттық көлемінде айтарлықтай өсім көрсетті.

ТАРТЫЛҒАН АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2024 жылғы ақпанда АХҚО биржасында тартылған акционерлік капитал \$106 млн-ға (жалпы көлемнің~30%) ұлғайды және \$471 млн-ға жетті.

\$471
млн

+\$106 млн

2024 ж. ақпанда тартылған акционерлік капитал

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

2024 жылғы ақпанда АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштерден 7 есе асып түсті (2024 жылғы ақпанда \$96 млн; 2023 жылғы ақпанда \$14 млн).

\$96
млн

Акциялармен сауда-саттық көлемі **\$42 млн**, бұл 2023 ж. ақпанмен салыстырғанда **4,5 есе көп**.

Борыштық бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі **\$53 млн**, бұл 2023 ж. ақпанмен салыстырғанда **11 есе көп**.

AIR ASTANA IPO-сы

Air Astana IPO-сын 2024 жылғы 15 ақпанда сәтті аяқтады. Бұл ретте алғаш рет жергілікті инвесторлардың өтінімдері көлемі шетелдік инвесторлардың өтінімдері санынан асып түсті.

47,9
млрд теңге

30 000 өтінім

15,6 млрд тг акциялар орналастырылды

32,4 млрд тг ЖДҚ орналастырылды

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

AIR ASTANA*

Air Astana тобы (Air Astana мен Fly Arystan брендтері) — табысы мен ұшақтар паркі көлемі бойынша Еуразиядағы ең ірі әуекомпаниялар топтарының бірі.

8,1 млн

Бір жылдағы
жолаушылар саны

49

Ұшақ

91

Бағдар

22

Ел

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚ ҮЛЕСІ



■ Air Astana тобы
■ Басқалар

Air Astana Қазақстанның әуе тасымалы нарығында үстемдік етеді. Еліміздің ішкі рейстерінің 67% және халықаралық рейстерінің 45% компанияға тиесілі.

AIR ASTANA IPO-сы

Air Astana IPO-сын 2024 жылғы 15 ақпанда сәтті аяқтады. Air Astana IPO-сы ішкі және халықаралық нарықтар арасындағы күштер бөлінісіндегі елеулі өзгерісті айшықтайды: алғаш рет жергілікті инвесторлардың өтінімдері көлемі шетелдік инвесторлардың өтінімдері санынан асып түсті.

AIX-тегі БУКБИЛДИНГ

100,2

млрд теңге

Акциялар

49.6

ЖДҚ

50.6

30 000

өтінім

АЛЛОКАЦИЯ НА АІХ

47,9


млрд теңге

Акциялар

15,6

ЖДҚ

32,4



Бөлшек инвесторлар
Институционалдық инвесторлар

ШАРТТЫ САУДА-САТТЫҚ

Шартты сауда-саттық бірнеше күн ішінде ресми IPO мен толық листинг арасында өткізіледі. Осы кезеңде Бағалы қағаздарды сатып алуға болады және сауда-саттық шартты түрден толық листингке біртіндеп ауысуына байланысты бағалы қағаздарды шексіз мерзім бойы ұстауға болады.

ШАРТТЫ САУДА-САТТЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

\$7,8 млн

Шартты сауда-саттық көлемі

1 988

Транзакциялар саны

БІР АКЦИЯНЫҢ ҚҰНЫ

1 073,83 KZT

Орналастыру құны

1 170 KZT

Соңғы транзакция құны

Соңғы мәміленің құны бір акция үшін 1 170 теңгені құрады, бұл орналастыру бағасынан (1 073,83 теңге) 9,0%-ға жоғары.

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2024 жылғы ақпанда бөлшек инвесторлар АХҚО биржасына 25,4 мың шот ашты, ал бөлшек инвесторлардың жалпы саны 1,69 млн дейін өсті. АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны өзгеріссіз қалды.


БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР

1,69 млн

Бөлшек инвесторлар

+25,4 тыс.

2024 ж. ақпандағы жаңа бөлшек инвесторлар




Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

АІХ САУДА МҮШЕЛЕРІ

37

Сауда мүшелері



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс болып табылады. 2024 жылдың ақпанында индекс көрсеткіштері қаңтардағы аздап төмендеуден кейін қалпына келді және рекордтық көрсеткішке жетті – 1269.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ӨСІМІ



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші болып табылады.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

* 2024 жылғы ақпандағы акциялар құнының өзгеруі

ЖАЛПЫ ШОЛУ

АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2024 жылғы ақпанда 2023 жылғы ақпандағы мәннен 7 еседей асып түсті (2024 жылғы ақпанда \$96 млн болса, 2023 жылғы ақпанда \$14 млн болды). Нарықтық капиталдандыру өсу үрдісін жалғастыруда және 2024 жылдың ақпанында \$66,9 млрд дейін өсті.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$96 млн

2024 г. жылғы ақпандағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі.

Өсім 7 есе

2023 ж. ақпанмен салыстырғанда



Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.


НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$66,9 млрд

Нарықтық капиталдандыру

+7%

2024 ж. ақпандағы өсім



Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.


АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

Air Astana компаниясының IPO-сы аясында 2024 жылғы ақпанда АХҚО биржасында сауда белсенділігі айтарлықтай өсті. Акциялармен сауда-саттық көлемі \$42 миллионды құрады, бұл іс жүзінде өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі сауда-саттық көлемінен (\$9 миллион) 5 есе көп.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

20

Листингтердің жалпы саны




САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$42 млн

2024 ж. ақпандағы
акциялар сауда-
саттығының көлемі

4,5 есе көп

2023 ж.
ақпанмен
салыстырғанда




Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.


Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.

ТАРТЫЛҒАН АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған акционерлік капитал көлемі \$106 млн-ға ұлғайып, \$471 млн-ға жетті.



Акционерлік капитал – бұл компаниялардың өз үлестік құралдарын шығару және сату арқылы тартатын қаражаты.




Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған акционерлік капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.


ТОП-5 АКЦИЯ

ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК 5 АКЦИЯ


Банк ЦентрКредит




Halyk Bank




Ozon Holdings



Kaspi.kz




KEGOC




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ *


Air Astana



Polymetal



Қазатомөнеркәсіп



ҚазМұнайГаз



Kaspi.kz



* Сауда-саттықтың жалпы көлемінің үлесі (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылдың ақпанында борыштық бағалы қағаздар листингтері мен эмитенттер санының айтарлықтай өсуі тіркелді. АХҚО биржасында борыштық құралдармен сауда-саттық көлемі \$53 млн-ға жетті, бұл \$5 млн құраған өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі сауда-саттық көлемінен 11 есе артық.


ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

142

Борыштық бағалы қағаздар листингтерінің жалпы саны

+8

2023 ж. ақпандағы листингтер



Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.


САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$53 млн

2024 ж. ақпандағы сауда-саттық көлемі

11 есе көп


2023 ж. ақпанмен салыстырғанда




Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капитал көлемі \$59 млн-ға ұлғайып, \$4,3 млрд-қа жетті.




Борыштық капитал – бұл компаниялар инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

2023-2024 жж. КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ КІРІСТІЛІГІ



Шетел валютасында (USD/EUR) орналастырылған облигациялар
Теңгемен орналастырылған облигациялар

— АҚШ федералды резервтерінің тиімді мөлшерлемесі*
— Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі

* Федералды резер жүйесінің Басқарушылар кеңесі (АҚШ)

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Келбетов Данияр
Өнімдерді дамыту жөніндегі басқарушы директор
- Бектұров Альтаир
Деректер аналитикасы департаментінің директоры (м.а.)
- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: Markets@aifc.kz
- Сауалдар: DataAnalytics@aifc.kz

